



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2024 жылғы 02 ақпан №7119-24-00-2/577 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

### **ТАЛАП ҚОЮШЫ:**

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

### **ЖАУАПКЕР:**

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

### **ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

### **ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

### **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Tender Masters» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья

Э. Ебенбаева

